



Жер участеклерін меншікке өтеусіз беру үшін халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарды айқындау ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 қарашадағы N 1042 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Жер участеклерін меншікке өтеусіз беру үшін халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарды айқындау ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 2 қарашадағы
N 1042 қаулысымен
бекітілген

Жер участеклерін меншікке өтеусіз беру үшін халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарды айқындау ережесі

Жалпы ережелер

1. Жер участеклерін меншікке өтеусіз беру үшін халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарды айқындау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне сәйкес әзірленді және жер участеклері меншікке өтеусіз негізде берілетін халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарды (бұдан әрі - орталықтар) айқындау тәртібін белгілейді.

2. Жер участекері халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарға меншікке: әлемдік нарықтағы экономика мен өндірістің тиісті салаларында бәсекеге қабілетті өнімдер шығаруға бағдарланған жаңа технологияларды игеруге қолдау көрсету;

перспективалық кластерлерде экономика мен өндіріс салаларының қажеттіліктеріне сәйкес кадрлардың қайта мамандануының икемді жүйесін қалыптастыру;

елде халықаралық стандарттарға сәйкес келетін халықаралық оқу орындарының филиалдарын дамыту мақсатында өтеусіз негізде беріледі.

3. Жер участекері меншікке өтеусіз негізде берілетін халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарды ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте басшылық жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы (бұдан әрі - уәкілетті орган) айқындайды.

4. Көрсетілген орталықтарды объективті және құзыретті түрде айқындау мақсатында уәкілетті орган жанынан жер участелері өтеусіз негізде берілетін халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарды айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады. Комиссияның құрамы мен ол туралы ереже уәкілетті орган басшысының бүйрығымен бекітіледі.

5. Комиссияның құрамына уәкілетті мемлекеттік органның, сондай-ақ мұдделі мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың (жарғылық капиталына мемлекет қатысатын мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар) өкілдері кіреді.

Ғылыми орталықтарды айқындау тәртібі

6. Орталықты жер участесін меншікке өтеусіз негізде алуға құқығы бар ретінде айқындау үшін, оның мынадай өлшемдерге сәйкес келуі талап етіледі:

1) акционері (тең құрылтайшы) ретінде шетелдік ұйым қатысатын, онда қазақстандық тарапта акциялардың бақылау пакеті (улестің көбі) сақтала отырып, оның акцияларының пакеті (қатысу үлесі) акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) жарғылық капиталының кемінде 25 %-ын құрауы тиіс, жарғылық капиталы кемінде 50000 айлық есептік көрсеткіш акционерлік қоғамның не жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның (бұдан әрі - ЖФТК) шешімімен мақұлданған, жер участесін беру мақсаттарына сәйкес келетін орталықтың даму тұжырымдамасының (бұдан әрі - тұжырымдама) болуы;

3) орталықтың мемлекеттік ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттың басым бағыттары бойынша қызметті жүзеге асыруы;

4) орталық қызметінің Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы ЖФТК айқындаған халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың неғұрлым перспективалық және тиімді бағыттарына сәйкестігі;

5) орталық мамандарының Қазақстан Республикасының іргелі және қолданбалы ғылымы мен техникасының болжамдарын және даму стратегиясын әзірлеуге қатысуы;

6) орталықтың Қазақстан Республикасының Президенті немесе Үкіметі бекіткен мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыруға қатысуы;

7) орталықтың материалдық, қаржылық және кемінде 5 ғылым докторы, оның ішінде тиісті бағыты бойынша Ph.D (философия докторы) білікті ғылыми кадрларының болуын қоса алғанда, кадрлық ресурстармен қамтамасыз етілуі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1363 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Осы Ереженің 6-тармағында айқындалған өлшемдерге сәйкес және өздеріне жер участекесінің меншікке өтеусіз негізде берілуіне үміткер орталықтар уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) уәкілетті орган бекітегін нысан бойынша өтініш;

2) орталықтың құрылтай құжаттарының нотариалды расталған көшірмелері және оны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қуәліктің* немесе анықтаманың нотариалды расталған көшірмелері.

Ескертпе: *"**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы қуәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

3) уәкілетті органың орталықты аккредиттеу туралы шешімінің көшірмесі;

4) жарияланымдармен және патенттермен расталған ғылыми әзірлемелердің тізімі;

5) салық төлеушінің Қазақстан Республикасы бойынша салық берешегінің, міндепті зейнетақы жарналары, міндепті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы тиісті салық органдың белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы;

6) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган берген меншігінде жер участекелерінің болуы немесе болмағаны туралы анықтама;

7) тұжырымдама және осы Ереженің 6-тармағында айқындалған өлшемдерге орталық қызметінің сәйкестігі туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжаттар.

Өтініште жер участекесінің пайдаланылу мақсаты, оның болжамды мөлшері, орналаскан орны көрсетіледі.

Тұжырымдамада құрылатын орталықтың болжанып отырған объектілері, көлемі мен оны қаржыландыру көздері, қызметтердің түрлері, шығарылатын өнімнің түрлері мен көлемі көрініс табады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 20.12.2013 N 1363 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).

8. Құжаттарды қарау мерзімі оларды қабылдаған сәттен бастап және уәкілетті орган тиісті шешім қабылдағанға дейін отыз күнтізбелік күннен аспайды.

9. Ұсынылған құжаттарды қарау Комиссияның отырыстарында жүзеге асырылады. Қараудың қорытындылары бойынша Комиссия:

1) орталықты жер участекесін меншікке өтеусіз негізде алуға құқығы бар ретінде айқындауды;

2) орталықты жер участекесін меншікке өтеусіз негізде алуға құқығы бар ретінде айқындаудан бас тартуды ұсынады.

10. Комиссияның ұсынымдарына сәйкес уәкілетті орган жер участекелері меншікке өтеусіз негізде берілетін орталықтарды айқындау туралы шешім қабылдайды.

11. Оларға қатысты жер участекесін меншікке өтеусіз негізде алу құқығын беруден бас тарту туралы шешім қабылданған орталықтарды уәкілетті орган шешім қабылданған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде ол туралы жазбаша хабардар етеді.

12. Орталықты жер участекесін меншікке өтеусіз негізде алуға құқығы бар ретінде айқындаудан бас тарту үшін:

1) осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген өлшемдерге сәйкес келмеуі;

2) ұсынылған құжаттардағы орталықтың қызметі туралы жалған немесе толық емес мәліметтер;

3) орталықта салық берешегінің және міндепті зейнетакы жарналары, міндепті кәсіптік зейнетакы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуы негіз болып табылады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1363 қаулысымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

13. Оларға қатысты уәкілетті органның оң шешімі қабылданған орталықтар қабылдаған шешімнің көшірмесі оларға тапсырыла отырып, шешім қабылданған сәтінен бастап он жұмыс күні ішінде ол туралы жазбаша хабардар етіледі.

14. Жер участекесін меншікке беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген олардың құзыretі шегінде респубикалық маңызы бар қаланың және астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері жер участекелері меншікке өтеусіз негізде берілетін орталықтарды айқындау туралы уәкілетті органның шешімі болған кездеғана қабылдайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1363 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдардың, ауылдық округтің әкімінің жер участекесін меншікке беру туралы шешімін алған орталықтар көрсетілген шешімді алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде осы туралы уәкілетті органды жазбаша хабардар етеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1363 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Жер участекесін алған орталықтарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік иелерінің құқықтары мен міндептері беріледі және жыл сайын, 20 қаңтарға және 20 шілдеге дейін уәкілетті органды орталықтың жер участекесін мақсатқа сай және оны ұтымды пайдалану жөніндегі қызметі туралы хабардар етеді.

17. Уәкілетті орган участке бір жыл ішінде мақсатына сай пайдаланылмаса және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылса, жер участкесі орналасқан орын бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органына оны қайтып алу туралы ұсыныстар береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК